ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

БҰЙРЫҚ № 30

«10» қыркүйек 2025 жыл

«Қамқоршылық кеңес» жұмысын ұйымдастыру және комиссия құру туралы.

«Білім туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44 бабының 9 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа ала отырып 2025-2026 оқу жылында балабақша жанында құрылған қамқоршылық кеңесінің мүшелері құрылсын .
2. Балабақша да құрылған Қамқоршылық кеңестің сапалық құрамы жасалынсын.
3. «Қамқоршылық кеңестің» жұмысын ұйымдастыру, ережелерімен таныстыру Кеңестің төрайымы Ш.Саянова , хатшысы Г.Сапароваға жүктелсін.
4. «Қамқоршылық кеңестің» жұмысын бақылау басшылық жасау өзіме қалдырамын.

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасының

меңгерушісі: **Э.Тыштыбаева**

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Қамқоршылық кеңес туралы ереже ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңестің қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.
1.2. Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымының дамуына, тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, балабақша мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған қоғамдық басқару органы.
1.3. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.
1.4. Қамқоршылық кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады және балабақшаның білім беру сапасын арттыруға бағытталады.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1. Қамқоршылық кеңестің мақсаты:
Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге ықпал ету, тәрбиеленушілер үшін қолайлы, қауіпсіз және дамытушы орта қалыптастыруға қолдау көрсету.
2.2. Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- балабақша қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру;
- тәрбиеленушілердің сапалы тәрбие мен білім алуына жағдай жасауға ықпал ету;
- ата-аналар мен педагогтердің өзара байланысын нығайту;
- балабақшадағы қауіпсіздік, санитарлық талаптардың сақталуына қолдау көрсету;
- тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарға қатысу;
- балабақшаның материалдық-техникалық базасын дамыту мәселелерін қарастыру.

3. Қамқоршылық кеңестің құрамы және құрылымы

3.1. Қамқоршылық кеңес балабақша басшысының бұйрығымен құрылады.
3.2. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- ата-аналар (заңды өкілдер);
- педагогтер өкілдері;
- қоғамдық өкілдер;
- қажет болған жағдайда басқа да мүдделі тұлғалар енгізілуі мүмкін.

3.3. Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жылдан аспайтын мерзімге бекітіледі.
3.4. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде атқарады.

4. Қамқоршылық кеңестің қызметін ұйымдастыру

4.1. Қамқоршылық кеңес өз жұмысын жылдық жоспар негізінде жүзеге асырады.

4.2. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ оқу жылында кемінде 2 рет өткізіледі.

4.3. Кеңес отырысы мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

4.4. Қабылданған шешімдер хаттамамен рәсімделеді.

4.5. Қамқоршылық кеңес төрағасы:

- кеңес жұмысын ұйымдастырады;
- отырыстарды жүргізеді;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды.

4.6. Кеңес хатшысы:

- отырыс хаттамаларын жүргізеді;
- құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Қамқоршылық кеңестің құқықтары

Қамқоршылық кеңес:

- балабақша қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- оқу-тәрбие жұмыстары туралы ақпарат алуға;
- тәрбиеленушілердің жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар беруге;
- ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға;
- балабақша дамуына бағытталған жобаларды қолдауға құқылы.

6. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

- осы Ережені сақтауға;
- балабақша мүддесіне сай әрекет етуге;
- кеңес шешімдерін орындауға атсалысуға;
- педагогтердің кәсіби қызметіне құрметпен қарауға;
- тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғауға міндетті.

7. Қамқоршылық кеңес қызметін тоқтату

7.1. Қамқоршылық кеңес:

- білім беру ұйымы таратылған жағдайда;
- белгіленген мерзімі аяқталған кезде;
- заңнама талаптарына сәйкес басқа да жағдайларда өз қызметін тоқтатуы мүмкін.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

8.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық кеңес ұсынысы негізінде енгізіледі және балабақша басшысының бұйрығымен бекітіледі.

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ХАТТАМА №1

Күні: «29» тамыз 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

Қатысқандар: 29.08.2025ж
Қатысқандар: 7
Кеңес мүшелері: 7

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты, міндеттері және жұмыс тәртібімен таныстыру.

3. Қамқоршылық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Э.Тыштыбаева сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік талаптарына сәйкес білім беру ұйымында қоғамдық басқару жұмысын жетілдіру мақсатында Қамқоршылық кеңес құрылатынын атап өтті.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – балабақша мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің қауіпсіз әрі қолайлы жағдайын қамтамасыз етуге ықпал ету, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге қолдау көрсету екендігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасында 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес құрамы төмендегідей бекітілсін:

№	Аты-жөні	Қызметі	Телефон нөмірі
1	Тыштыбаева Элмира	Балабақша меңгерушісі	8776 558 22 80
2	Навкиева Айдана	Ата-ана өкілі	8707 505 50 21
3	Далбаев Ермек	Ата-ана өкілі	8 702 404 50 39
4	Хусаинова Гүлжан	Ата-ана өкілі	8708 762 57 24
5	Ахунов Сағыныш	Қоғамдық өкіл	8 747 315 11 86
6	Саянова Шолпан	Ата-ана өкілі	8705 274 04 74
7	Сапарова Гульмина	Педагог өкілі	8747 764 39 64

2. Қамқоршылық кеңес төрағасы болып Саянова Шолпан сайлансын.

3. Қамқоршылық кеңес хатшысы болып Сапарова Гульмина бекітілсін.

4. Қамқоршылық кеңес 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес өз қызметін жүзеге асырсын.

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Ш. Саянова /_____/

Хатшы:
Г.Сапарова /_____/

Қатысушылардың қолы:

1 Тыштыбаева Эльмира _____

2 Навкиева Айдана _____

3 Далбаев Ермек _____

4 Хусаинова Гүлжан _____

5 Ахунов Сағыныш _____

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУ ПАРАҒЫ

Отырыстың тақырыбы: Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту, кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру
Отырыстың №: ___1__
Өткізілген күні: «_29_» __тамыз____ 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

№	Қатысушының аты-жөні	Қолы
1	Саянова Шолпан	
2	Сапарова Гульмина	
3	Тыштыбаева Элмира	
4	Навкиева Айдана	
5	Далбаев Ермек	
6	Хусаинова Гүлжан	
7	Ахунов Сағыныш	

Барлығы қатысқан адам саны: ____

Қатыспағандар: _____

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Саянова Ш /_____/

Хатшы:
Сапарова Г /_____/

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27 қараша 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасының мәжіліс залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 7 мүшесі

Күн тәртібі

1. Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуымен және топтардың даму ортасымен танысу қорытындысы.
2. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін қарастыру.
3. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы туралы баяндама жасады. Топтардың заттық-дамытушы ортасының мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жабдықталғаны, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын және оқу материалдарымен қамтамасыз етілгені айтылды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері топ бөлмелерін аралап көріп, оқу қызметіне қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті.

Қаулы

1. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Заттық-дамытушы ортаны жаңа ойын құралдарымен толықтыру жұмыстары жалғастырылсын.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ата-аналардан түскен ұсыныстармен таныстырды.

Негізгі ұсыныстар:

- ашық есік күндерін жиі өткізу;

- спорттық іс-шараларды көбейту;
- ұлттық ойындарға арналған жабдықтарды толықтыру;
- кітап оқу бұрыштарын жаңарту.

Қаулы

1. Ұсыныстар жұмыс жоспарына енгізілсін.
2. Ашық есік күні желтоқсан айында өткізілсін.
3. Ұлттық ойын құралдарын толықтыру мәселесі қарастырылсын.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі материалдық-техникалық базаны жетілдіру бойынша жоспарланған жұмыстарды таныстырды.

Талқылау барысында:

- ойын алаңындағы құралдарды жаңарту;
- көлеңкелік шатырларды жөндеу;
- кітап бұрыштарын толықтыру;
- спорттық құралдарды жаңарту ұсынылды.

Қаулы

1. Ұсынылған жұмыстар кезең-кезеңімен орындалсын.
2. Қамқоршылық кеңесі жұмыстардың орындалуына қоғамдық бақылау жүргізсін.

Төраға: _____ Саянова Ш

Хатшы: _____ Сапарова Г

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУ ПАРАҒЫ

Отырыстың тақырыбы: Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуымен және топтардың даму ортасымен танысу қорытындысы.

Отырыстың №: ___2__
Өткізілген күні: «_27_» __қараша____ 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

№	Қатысушының аты-жөні	Қолы
1	Саянова Шолпан	
2	Сапарова Гульмина	
3	Тыштыбаева Элмира	
4	Навкиева Айдана	
5	Далбаев Ермек	
6	Хусаинова Гүлжан	
7	Ахунов Сағыныш	

Барлығы қатысқан адам саны: _____

Қатыспағандар: _____

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Саянова Ш /_____/

Хатшы:
Сапарова Г /_____/

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 19 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасының мәжіліс залы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 7 мүшесі

Күн тәртібі

1. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі.
2. Ұлттық құндылықтарды насихаттау және тәрбиелік іс-шараларға қолдау көрсету.
3. Наурыз мерекесін ұйымдастыруға ата-аналарды тарту.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Медицина қызметкері балалардың денсаулық көрсеткіштері, дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, дәрумендендіру және санитариялық талаптардың сақталуы туралы есеп берді.

Кеңес мүшелері ас мәзірінің талапқа сай екенін және санитариялық жағдайдың қанағаттанарлық деңгейде екенін атап өтті.

Қаулы

1. Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Сауықтыру шараларының орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Ата-аналарға дұрыс тамақтану жөнінде кеңестер берілсін.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Тәрбиешілер ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер және ұлттық мерекелер арқылы балаларға патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстар туралы баяндады.

Қаулы

1. Ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Барлық топтарда ұлттық ойындар апталығы өткізілсін.

3. Ата-аналардың қатысуымен ұлттық қолөнер көрмесі ұйымдастырылсын.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Наурыз мерекесін ұйымдастыру жоспары қарастырылды.

Ұсыныстар:

- ұлттық тағамдар көрмесін өткізу;
- ұлттық киімдер фестивалін ұйымдастыру;
- отбасылық ұлттық ойындар сайысын өткізу.

Қаулы

1. Наурыз мерекесі бекітілген жоспар бойынша өткізілсін.
2. Ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Іс-шара барысында балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінсін.

Жалпы шешім

Қамқоршылық кеңесі қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды балабақша меңгерушісі мен кеңес төрағасына жүктейді.

Төраға: _____

Хатшы: _____

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУ ПАРАҒЫ

Отырыстың тақырыбы: Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және сауықтыру жұмыстарының жүргізілуі.

Отырыстың №: ___3__
Өткізілген күні: «_19_» __ақпан____ 2026 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

№	Қатысушының аты-жөні	Қолы
1	Саянова Шолпан	
2	Сапарова Гульмина	
3	Тыштыбаева Элмира	
4	Навкиева Айдана	
5	Далбаев Ермек	
6	Хусаинова Гүлжан	
7	Ахунов Сағыныш	

Барлығы қатысқан адам саны: ____7____

Қатыспағандар: _____

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Саянова Ш /_____/

Хатшы:
Сапарова Г /_____/

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ
2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:
Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, тәрбиеленушілердің қауіпсіз әрі қолайлы дамуына жағдай жасауға, ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған қоғамдық басқару жұмысын ұйымдастыру.

Міндеттері:

- балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту;
- тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал ету;
- балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға ұсыныстар беру;
- тәрбиеленушілердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарына қолдау көрсету;
- педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмыстарын ұйымдастыру.

Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту, кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру	Қыркүйек 2025 ж.	Балабақша меңгерушісі, кеңес төрағасы
2	2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын қарастыру және бекіту	Қыркүйек 2025 ж.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісінің жағдайымен, топтардың жұмыс бағыттарымен танысу	Қыркүйек–қазан 2025 ж.	Кеңес мүшелері
4	Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық талаптардың орындалуын бақылауға қатысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес
5	Ата-аналармен өзара байланысты нығайту, ұсыныстар мен пікірлерін	Жыл бойы	Кеңес төрағасы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	қарастыру		
6	Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу	Қазан–қараша 2025 ж.	Қамқоршылық кеңес
7	Ұлттық құндылықтарды насихаттау, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету	Жыл бойы	Кеңес мүшелері, педагогтер
8	Балалардың қысқы кезеңдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру	Желтоқсан 2025 ж.	Қамқоршылық кеңес
	Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану мәселелерін қарастыру	Қаңтар–ақпан 2026 ж.	Кеңес мүшелері, медицина қызметкері
10	Балабақшаның абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына қолдау көрсету	Сәуір–мамыр 2026 ж.	Қамқоршылық кеңес
11	2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытынды есебін талдау	Мамыр–маусым 2026 ж.	Қамқоршылық кеңес төрағасы

Күтілетін нәтиже:

- Балабақша мен ата-аналар арасындағы серіктестік байланыс нығаяды;
- тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптасады;
- ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артады;
- оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ш. Саянова /_____/

Хатшы: Г.Сапарова /_____/

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22 мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 7 адам.

Қатыспағандар: Жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Балабақшаның абаттандыру, көгалдандыру және балалар ойын алаңдарының жағдайын жақсарту жұмыстарының қорытындысы.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының жылдық қорытынды есебін тыңдау.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстарды қарастыру.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Балабақша меңгерушісі Тыштыбаева Эльмира балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары туралы баяндама жасады.

Есеп барысында:

- гүлзарлар мен жасыл желектер жаңартылғаны;
- ойын алаңындағы жабдықтарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгені;
- құмсалғыштарға жаңа құм төселгені;
- көленкелік шатырлардың сырланғаны;
- аумақтың санитариялық жағдайы талапқа сай екендігі айтылды.

Қамқоршылық кеңесі атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Абаттандыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаз мезгілінде аумақтың тазалығы тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Жасыл желектерді күтіп-баптау жұмыстары жалғассын.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Меңгеруші жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары туралы хабарлама жасады.

Қаралған мәселелер:

- жазғы серуендерді ұйымдастыру;
- су және күн қауіпсіздігі;
- ойын алаңдарының техникалық жағдайы;
- жазғы сауықтыру жоспары;
- балалардың денсаулығын нығайту шаралары.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
2. Барлық қызметкерлер қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өткізілсін.
3. Ата-аналарға жаз мезгіліндегі қауіпсіздік туралы жадынамалар таратылсын.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы 2025–2026 оқу жылындағы кеңес жұмысының қорытынды есебін ұсынды.

Есепте:

- 4 Қамқоршылық кеңес отырысы өткізілгені;
- барлық жоспарланған іс-шаралардың толық орындалғаны;
- ата-аналардың ұсыныстары қаралғаны;
- мерекелік және тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысқаны;
- қоғамдық бақылау жұмыстары жүргізілгені;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ұсыныстардың орындалғаны атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы **«жақсы»** деп бағалансын.
2. Жылдық талдау есебі бекітілсін.
3. Құжаттар белгіленген тәртіппен сақтауға тапсырылсын.

Төртінші мәселе бойынша тыңдалды

Кеңес мүшелері 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстарын енгізді.

Ұсыныстар:

- ата-аналармен бірлескен жобаларды көбейту;
- экологиялық акцияларды ұйымдастыру;
- ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын күшейту;
- спорттық-сауықтыру іс-шараларын көбейту;
- балалардың қауіпсіздігіне қоғамдық бақылауды жалғастыру.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ұсыныстар 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жаңа оқу жылында да жүйелі жалғастырылсын.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

Қамқоршылық кеңесі 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары толық көлемде орындалды деп есептейді.

Жыл қорытындысы бойынша:

- ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайды;
- тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастырылды;
- қоғамдық бақылау тиімді жүргізілді;
- материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытында нақты жұмыстар атқарылды;
- Қамқоршылық кеңесінің қызметі өз мақсатына сәйкес жүзеге асырылды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Саянова Ш_ /_____/

Хатшы:
Сапарова Г /_____/

Қатысушылардың қолдары:

1 Тыштыбаева Эльмира

2 Навкиева Айдана

3 Далбаев Ермек

4 Хусаинова Гүлжан

5 Ахунов Сағыныш

ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУ ПАРАҒЫ

Отырыстың тақырыбы: Балабақшаның абаттандыру, көгалдандыру және балалар ойын алаңдарының жағдайын жақсарту жұмыстарының қорытындысы.

.

Отырыстың №: ___4__
Өткізілген күні: «_22_» __мамыр____ 2026 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «МЛН Балақай» балабақшасы

№ Қатысушының аты-жөні Қолы

1 Саянова Шолпан

2 Сапарова Гульмина

3 Тыштыбаева Элмира

4 Навкиева Айдана

5 Далбаев Ермек

6 Хусаинова Гүлжан

7 Ахунов Сағыныш

Барлығы қатысқан адам саны: ____—_____

Қатыспағандар: _____—_____

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Саянова Ш /_____/

Хатшы:
Сапарова Г /_____/